

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Филология факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№4 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

20.06.2025 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы:

1. Қазыханқызы Лазура – PhD, аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. А.С.Даулетова – ф.ғ.к., доцент м.а;
3. Ы.Нұрмағанбетова – аға оқытушы;
4. Г.Куанышбаева – оқытушы;
5. Г.Макенова – оқытушы;
6. З.Смайлова –МАН-311 магистрант,
7. Б.Шариатулла – ФАТ -212 студент
8. С.Пернебай- Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Шакырылғандар:

9. А.Өзтүрк -Филология факультетінің деканы
10. Ж.Суинжанова -Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары

Комиссия хатшысы:

11. А.Қонысова - оқытушы

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Факультеттің алқалық және әкімшілік құрылымдық бөлімдерінің жылдық есептері мен дайындық актілеріне мониторинг жасау, есеп дайындау
2. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру
3. Білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу;
4. ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау
5. Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау.
6. Сәуір-маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау

Тыңдалды:

1. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы Қазыханқызы Лазура сөз алып күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мәселені талқылауды ұсынды.

Комиссия төрайымы сөз алып, факультеттің алқалық және әкімшілік құрылымдық бөлімдерінің 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық есептері мен дайындық актілеріне жүргізілген мониторинг қорытындыларын баяндады. Мониторинг барысында факультет деканаты, оқу ісі, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмыстары бағыттары бойынша есептер талданды. Сонымен қатар кафедралардың оқу процесіне, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарына қатысты дайындық актілерінің сапасы мен толықтығына назар аударылды.

Жалпы есептерде факультет қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында атқарылған жұмыстар мен кемшіліктер айқындалып, келесі оқу жылына нақты ұсыныстар енгізілді.

Шешім:

1. Факультеттің алқалық және әкімшілік құрылымдық бөлімдерінің 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық есептері мен дайындық актілеріне жүргізілген мониторинг нәтижелері ескеріліп, анықталған жетістіктер мен кемшіліктер негізінде есеп дайындау ұсынылсын.
2. Мониторинг нәтижелеріне сәйкес, факультеттің құрылымдық бөлімдеріне жұмыс тиімділігін арттыру бойынша нақты ұсыныстар мен түзету шаралары ұсынылсын.

2. Екінші мәселе бойынша ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру, комиссия төрайымы сөз алып, жүргізілген сауалнама нәтижелерімен комиссия мүшелерін таныстырды.


Сауалнамаға Филология факультетінің маман дайындаушы кафедраларының барлық ББ бітіруші білімгерлері қатысты. Барлығы 15 ББ бағдарламасы бойынша білім алып жатқан 210 респондент сауалнамаға қатысты.

Сауалнама нәтижесі бойынша жалпы қатысушылардың пікірі бойынша 80 % Білім беру бағдарламасына қанағаттанатындарын білдірді.

1)

Бітіргелі отырған білім беру бағдарламасы (мамандығыңыз):


210 ответов



2)

Білім беру бағдарламасының мазмұны қазіргі еңбек нарығы талаптарына сәйкес келеді деп ойлайсыз ба?


210 ответов



3)

ББ мазмұны теория мен практиканы ұштастыра алды ма?


210 ответов



4)

Пәндердің мазмұны кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған болды ма?


210 ответов



5)

Таңдау пәндері сіздің кәсіби қызығушылықтарыңызды ескерді ме?


210 ответов



6)

Оқу жоспары пәндердің логикалық және мазмұндық сабақтастығын қамтамасыз етті ме?


208 ответов



7)

Дәрістер, семинарлар және практикалық сабақтардың ұйымдастырылу сапасына қанағаттанасыз ба?


210 ответов



8)

Оқу процесі қолжетімді оқу материалдарымен қамтамасыз етілді ме?


210 ответов



9)

Цифрлық ресурстар мен платформаларды (Platonus, Moodle, т.б.) қолдану қолайлы болды ма?


210 ответов



10)

Оқытушылардың оқыту әдістеріне жалпы қанағаттанасыз ба?


210 ответов



11)

Бағалау критерийлері сабақ басында нақты түсіндірілді ме?


209 ответов



12)

Бағалау әдістері (тест, жоба, ауызша сұрау, эссе және т.б.) әділ әрі ашық болды ма?


210 ответов



13)

Қорытынды бағалар білім алушы жетістігін шынайы көрсетті ме?


210 ответов



14)

Оқытушылар тарапынан берілетін кері байланыс мазмұнды және пайдалы болды ма?


210 ответов



15)

Білім беру бағдарламасына жалпы қанағаттану деңгейіңізді бағалаңыз (1-5 арасы).


210 ответов



16)

Сіз алған білім кәсіби қызметке дайындық үшін жеткілікті деп санайсыз ба?


210 ответов



17)

Сіз оқыған білім беру бағдарламасын өзгелерге ұсынар ма едіңіз?

210 ответов



18)

Өндірістік практиканы жетілдіру бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар? (Ашық жауап)

Студенттерді барған сәттен бастап мектеп жұмысына тарту ынталандыру

Жекелей жол көрсету жұмыстары көптеп жасалса, бағыт бағдар жас маманға ауадай қажет

Студенттің қалаған қаласы және мектепті таңдауға мүмкіндік беру керек
Мінезі ауыр балалар мен подросток балаларға калай сабақ беру туралы сабақ өту керек деп ойлаймын.
Уақыт мерзімін ұзарту
жалпы бәрі жақсы, тек әрине студентке алдны ала практика жайлы түсіндермелер ұсынғанда жақсы болар еді.
Практиканың нәтижесі тек құжаттарға қарап емес, студенттің сабақ беру шеберлігіне, шығармашылығына, кәсіби қарым-қатынасына қарап бағалануы тиіс.
Учителям-практикантам, а особенно ин.языков дать финансирование для организации уроков (т.к. мы делаем очень много визуальные материалы:распечатки рисунков, заданий, игр и т.д.)
Документті азайтса екен
Больше практики
Қанағаттымын
Көбірек ізденіс қажет
Сабақ өту барысында мұғалім мен студент арасында юморлық сәттер көбірек болса
Практика жетікшілерінен басшылық хабар алып тұрса, жетекшілер жұмысын дұрыс атқару үшін
Өз қалаулары бойынша мектептерге барса деймін
Кейбір мамандықтар үшін (мысалы, редактор, копирайтер т.б.) нақты еңбек жасап жатқан студентке символикалық болсын ақы төлеу тәжірибесін енгізу – мотивацияны арттырады деп ойлаймын
Ұзағырақ болса екен уақыты дегім келеді,өйткені өндірістік практика өзіме қатты ұнады
Өндірістік практиканы жетілдіру үшін, ең алдымен, әр студенттің кәсіби қызығушылығы мен болашақ мамандық бағытын ескере отырып, практика өтетін орынды таңдауға мүмкіндік берілгені дұрыс. Бұл студенттің өз саласына терең үңіліп, шынайы жұмыс ортасында тәжірибе жинақтауына жол ашады.
Студенттің практикалық қабілеттері, кәсіби тәртібі, топпен жұмыс істеуі, тапсырмаларды орындау сапасы бақылау парағы арқылы әділ бағалануы керек. Кері байланыс жұмыс берушіден де, студенттен де алынуы қажет.
Ұсыныс жоқ, Университет практиканы өте жоғары деңгейде ойластырған
Болашақ педагог мамандарды, яғни, білімгерлерді білім беру мекемелеріне бөлу барысында білімгерлердің де көзқарасына құлақ түру.
Көңілімнен шығады
Необходимо обеспечить направление студентов на такие базы практики, где они смогут действительно применять знания по своей специальности. Всё должно быть организовано на высоком уровне — от условий прохождения практики до наставничества со стороны опытных специалистов.

Шешім:

- 1) Сауалнама нәтижелері факультет кафедраларында талқыланып, орынды ұсыныстар кафедраның жұмыс жоспарына енгізілсін.
- 2) Өндірістік практиканы ұйымдастыру сапасын арттыру мақсатында студенттердің кері байланысындағы ұсыныстар негізінде нақты іс-шаралар жоспары дайындалсын.

- 3) ББ-ның мазмұны мен бағалау саясаты бойынша анықталған кемшіліктер кафедралар тарапынан зерделеніп, келесі оқу жылына дейін қажетті түзетулер енгізілсін.
- 4) Практика базаларын таңдауда студенттің кәсіби қызығушылықтары мен болашақ мамандығына сәйкестігіне мән берілуі тиіс.


3) Үшінші мәселе, бойынша білім алушыларын академиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерінің нәтижелілігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу, бойынша комиссия комиссия төрайымы жүргізілген сауалнама нәтижелерімен таныстырды. Факультет бойынша 1-4 курс аралығы және магистранттар 511 білімгер қатысты.

Сауалнама нәтижесі төмендегідей нәтиже көрсетті.

1)

Сіз қай курстың білім алушысыз?


511 ответов



2)

Білім алып жатқан кафедраңыз


511 ответов



3)

Академиялық кеңесшіден (эдвайзерден) қандай жиілікпен көмек аласыз?


511 ответов



4)

Академиялық кеңесшіден (эдвайзерден) қандай жиілікпен көмек аласыз?


511 ответов



5)

Эдвайзердің курстарды таңдауға көмегі қаншалықты тиімді болды?


511 ответов



6)

Эдвайзермен байланысу мүмкіндігіне қаншалықты қанағаттанасыз?


511 ответов



7)

Эдвайзер берген академиялық кеңестер пайдалы болды ма?


511 ответов



8)

Кітапхана қызметтеріне (оқу залдары, электронды база) қанағаттанасыз ба?


511 ответов



9)

Электрондық оқу платформаларымен (Platonus, т.б.) жұмыс істеуге қаншалықты ыңғайлы жағдай жасалған?


511 ответов



10)

Оқу құралдары мен әдістемелік материалдардың жеткіліктілігі мен сапасы сізді қанағаттандырады ма?


511 ответов



11)

Конференцияларға, байқауларға қатысу мүмкіндігі жеткілікті ме?


511 ответов



12)

Сессия мен аралық бақылаулар алдында кері байланыс алу мүмкіндігіне қанағаттанасыз ба?


511 ответов



13)

Сізге берілетін оқу жетістіктері туралы ақпарат (рейтинг, GPA, т.б.) қаншалықты түсінікті?


511 ответов



14)

Сіздің кәсіби дамуыңызға бағытталған курстар жеткілікті ме?


511 ответов



15)

Академиялық қолдау жүйесіне жалпы қанағаттану деңгейіңіз қандай? (1-5 арасы)

511 ответов



16)

Академиялық қолдауға қатысты қандай ұсыныстарыңыз бар? (Ашық сұрақ)

Академиялық қолдау жүйесі жақсы жұмыс істейді. Болашақта қосымша ағылшын тілі курстары мен академиялық кеңестер жиі ұйымдастырылса жақсы болар еді.

Ұсынысым жоқ алайда именно аударма ісіне байланысты әсіресе практика кезінде именно аудармаға байланысты жерлерге жіберілгенін және де 205 кабинеті сияқты тағы басқа кабинеттер қосылғанын және де аударма ісіне байланысты сабақтарда тек теория емес көбірек практиканы қолдағанын қалайтын едім

Негізі өзіміздің аю портал жақсы еді
Сосын мамандыққа қатысы жоқ керек емес пәнмен студент оқушы сындылардың миын ашытып керек емес деп санаймын өз пікірім!

Біз таңдаған мамандығымызға байланысты курстарды көбірек алуымыз керек. Біз мәдениет және дене шынықтыру сияқты курстарды орта және жоғары мектепте алдеқашан оқыдық. Университет – іскерлік өмірге кірісер алдындағы соңғы қадам. Мұнда біз өз мамандығымыз туралы бәрін білуіміз керек. Екіншіден, Платонус өте пайдалы емес, біз әлі де не екенін түсінуге тырысамыз және біз профессорлардың Platonus арқылы сабақ беретін презентацияларына қол жеткізе алмаймыз, біз оларды Whatsapp арқылы аламыз. Бұл сыныптағы жазбаларға да қатысты.

Айтайын дегенім, апта сайынғы сабақ жазбалары болмаса, бәрі жақсы болар еді. Емтиханға бәрібір оның әсері жоқ, неге біздің мұғалімдердің жұмысын қиындату керек? Сондай-ақ, университе бізден тым көп формаларды толтыруды сұрайды. Толтырмасақ, толтыру итеріп жатады. бірақ мен мұндай форманы көптен бері қалаймын, бұл үшін рахмет.

Академиялық қолдаудан сұрармын, өтініштерге жауап беріп, перекурса қалдыра бермеу ☺

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары көп болса екен, көбірек студенттің шетелде білім алуына мүмкіндік болар еді. 3 курстар үшін әсіресе, соңғы шанс болғаны үшін көктемгі семестрде оқу мүмкіндігі берілгенін қалаймын, (мевлана, эрасмус мысалы биыл болған жоқ)

Өзгерістер енгізу кк мысалы біздің факультетте жарыстар туралы ақпарат толық тіпті мүлдем жетпейді көбірек іс шаралар ұйымдастырылуы қажет

Студенттерге қойылған баға оқу деңгейлеріне сай қойылса екен деймін. Кейбір мұғалімдер бағаны оқығаныңа сай етіп қоймайды.

Сабақ бөлмелерін реттеңіздер жаз айынды оқып болмайды сабақ өте алмаймыз 401

кабинетке көбірек көңіл аударсаңыздар өте нашар ыстық жалюз жабылмайды құрылғылар істемейді презентация көрсете алмаймыз қанша рет деканатқада ремонт істейтін адамғада шықтым пайдасы жоқ шет елдік мұғалімдердің алдында уятқа қалдық өтініш реттеңіздер барлығын университет деген атына лайықты болсын тіпті мектептердің жағдайы бізден жақсы кондер қоясыздар жұмыс жасамайды не үшін керек онда не пульті жоқ кабинетінде кафедрадан сұрасаң ол жақта жоқ жұмысшылардан сұрасаң өзімен бірге келмген диді миға симайтын сылтаулар іс шаралар өте аз өтіледі халқаратық университет болсақта мүмкіндіктеріміз өте аз сайыстар немесе іс шалар болып жатса өтіп болған соң естіміз біз тек болмайтын іс шараларға керекпіз бірақ олимпиада немесе соған ұқсас сайыстар болса айтылмайды да біз студентпіз біліміз сынайтын сайыстар кереек көңіл көтеретін емес олимпиадалар болса тек жақсы студенттерді қатыстыларды басқа студенттер естімейді да мүмкін ол студенттің ашылмаған қырлары көп шығар кім біледі өкінішке орай біздің университет осындай
Эдвайзердің берген ақыл-кеңестері, оқу жолында көп көмегін тигізеді. Эдвайзерлермен жиі кездесіп, нақты кеңес алуға мүмкіндік көп болса, студенттер өз оқу жолын жақсы жоспарлай алады деп ойлаймын.
Я бы была рада если бы открыли нам русскую группу так как мы ничего не понимаем из данного материала, еще и от нас что-то требуют мы чтоли виноваты что мы не понимаем языка??? когда мы поступали в мкту нам четко и ясно сказали что нам откроют русскую группу(у меня есть номер человека который это все говорил), а нас в итоге обманули, это очень несправедливо так как мы не понимаем того что мы изучаем, о нас никто не подумал! мы как бы деньги платим за обучение, можно было бы и открыть группу, если вам лень ее открыть то так и скажите, а не оправдывая ваши действия и говорить все что угодно! в остальном всё вроде хорошо, учителя по английскому просто супер, спасибо за ваше внимание и я надеюсь что нас услышали
Сессия сұрақтары алдын-ала толық берілсе деймін басқа оқу орындары сияқты. Сессияға 100% сенімді болып кірер едік.
Академиялық ұтқырлық секілді бағдарламалар жайлы ақпараттар кең таратылса екен, сайтта қай уақытта жарияланатынын білмей қалып жатамыз.
Аға курс студенттерінен тәлімгерлік жүйесін енгізу — жоғарғы курс студенттері төменгі курс студенттеріне бағыт-бағдар беріп, тәжірибесімен бөліссе, бұл оқу процесін жеңілдетеді.
Мен үшін академиялық қолдау маңызды, өйткені оқу барысында кейбір тақырыптарды түсіну қиынға соғады. Сондықтан қосымша түсіндіру сабақтары немесе онлайн ресурстар арқылы көмек алғым келеді. Тілдік дағдыларымды дамытуға арналған арнайы курстар да пайдалы болар еді. Сондай-ақ, тәлімгерлік бағдарламалар студенттерге мотивация беріп, оқу жетістігін арттырады деп ойлаймын. Университеттегі академиялық қолдау маған оқу процесін жеңілдетіп, білім сапасын жақсартуға көмектеседі.
Қанағаттанамын
Бәріне көңілім толады
Жылдан-жылға материалдық-техникалық база да, білім беру де айтарлықтай жақсарып келеді. Студенттік жағдайға ризамын.
Аудиториялардан тыс коридорларда отыратын орындықтар бар, бірақ сол орындықтардың жаңында сабақ оқуға мүмкіндік беретін үстелдер болуын ұсынамын
Орташа
Қосымша курстар ,ағылшыннан, түрік тілінен .Сонымен қатар сабаққа мотивация арттыратын қызықты пәндер болса

бәрі жақсы)
Сессия жазбаша ауыр болады екен, неге тест ретінде өткізбеске?
<i>Прии всем уважениии к казахскому языку и пониманиии казахского языка по-моему мнению , в некоторых программах по типу орхун или другие , нужно чтобы объявили информацию и на русском языке а не только на казахском . А также немного не понятно система оценивания и как вычисляется ЖИПИЭЙ в платонусе.</i>
<i>мүмкіндіктер көбірек болса мысалы аудиториялар өте ыстық әрең шыдадм сонға апталар бірақ оқу сапасына ешқандай наразылығым жоқ жақсы бәрі кейде интеакивті тақталар істемі қалатыны болмаса</i>
<i>Бәрі керемет</i>
<i>Bring real justice. Do your job as you should (must). Do not see yourself big mirror as a teacher (you were a student once.) Listen to your students situations and show some respect and understanding. Also give detailed information about classes or certain situations as you should. 50 grade is a bad grade and no one deserves this grade especially if she' has second mother language as english. Also give some understanding to the students who came from abroad and live apart from their family. They have no one to hug and cry because of you yelled at school. Give some understanding to the ones who they are representing your university on global platforms instead of creating jealousy and give 50 points and mock them in front of school and dean.</i>
<i>Менің ойымша университетте өзінің көңіл күйіне қарап баға қоятын оқытушылар бар біреу ғана емес алайда оқытушы білімгердің білімін бағалау керек емес пе? Жасанды интеллектпен жазылған жазбаша жұмысты білімгердің өзі жазған жұмыстан ажыра алмайтын оқытушылар да бар. Бәлкім ЖИ-дің қуатты күшке айналып дамуынан шығар! Сосын Филология факультеті ғимаратында сессия өткізуге әлі ерте сияқты басты ғимараттағы сияқты тексеру шаралары жоқ. Тіпті шпаргалка және телефонмен ұсталған білімгердердің бұл заттарын тек алып қоюдан артық шара қолданылмайды.</i>
<i>Студенттермен ашық түсіндірулер көбірек жүру керек сияқты, академиялық пәндердің мәнін түсініп үлгеріп жатқан жоқпыз, жәй оқу керек болғаннан кейін ғана оқып жатырмыз</i>
<i>Нақты ақпарат алу қиын, әркім әртүрлі айтады (сессия, платонус, студенттердің сабақтан басқа мүмкіндіктері яғни “work and travel”, басқа мемлекеттерге, қалаларға ауысып оқу сияқты). Тіптен, өкім алуда қиын. Ауырғаным жайлы справканы алу үшін 2-күн жүрдім. Оқытушыға ескерткен күннің өзінде справкасыз бағаңды қоймайды. Справканы алу үшін ауырған күнімде бірден ауырдым деп клиникаға барып тіркеп қоюым керек екен. Ешқайсымыз ауырсақ ешқашан бірден больницаға бармаймыз ғой. Мүмкін жазылармын деген ой болады (үй жағдайында емделеміз). Менің жағдайымда (бүйрек ауырды) менен анализ тапсырған қағаз, узиге түссең ол керек, дәрілер берген дәрілер рецепті бәрін сұрады. Ал менің врачым вечно бос емес. Маған оданда нб ала салған жақсы</i>
<i>Кері байланыстын жиі және көбірек болуы</i>
<i>Университет ішінде намаз оқуға рұқсат берілгенін және бос бөлме болғанын қалар едім.</i>

Шешім:

- 1) Студенттердің академиялық және әлеуметтік қолдау бойынша білдірген ұсыныстары негізінде факультет деңгейінде кері байланыс жүйесін жетілдіру ұсынылсын.
- 2) Академиялық эдвайзерлік қызметтің тиімділігін арттыру және кеңес беру жұмысын жүйелі ұйымдастыру үшін эдвайзерлерге әдістемелік нұсқаулықтар әзірленсін.

- 3) Академиялық ұтқырлық, олимпиадалар, қосымша курстар, материалдық-техникалық база және аудиториялық жағдайлар туралы ақпараттың ашықтығы мен уақтылы берілуі қамтамасыз етілсін.
- 4) Студенттердің ұсыныстары ескеріліп, кафедралар мен деканат тарапынан нақты түзетулер мен іс-шаралар жоспары дайындалсын.

4. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе, ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау бойынша факультеттің деканы А.Өзтүрк сөз кезегін ала отырып, ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуін қадағалау керектігін айтып өтті. БББ дайындауда академиялық нормативті құжаттардың сонымен қатар Кәсіптік стандарт, университеттің БББ әзірлеу және жаңарту ережесін т.б. құжаттардың талаптары негізінде тиісті кафедраларда БББ дайындалып, кафедра мүшелері тарапынан қадағаланып отыру қажеттігін айтты.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің төрайымы Л.Қазыханқызы кафедралар бойынша БББ дайындауда факультеттің және университеттің академиялық комитеті әдістемелік көмек көрсетіп жатқанын және де барлық нормативтік-құқықтық құжаттар кафедра меңгерушілерінде және университеттің сайтында сақталғанын атап өтіп, онда БББ дайындауда академиялық нормативті құжаттардың (ҚР БЖҒМ тиісті бұйрықтары) сонымен қатар Кәсіптік стандарт, университеттің БББ әзірлеу және жаңарту ережесін т.б. құжаттардың талаптары көрсетілгенін мәлімдеді. Яғни, барлық нормативтік құжаттар қолжетімді және өзгеріссіз пайдаланып жатқандығын айтты.

ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігі университет сайтында қамтамасыз етілген.

Шешім: ББ іске асыруда оқытуға қатысты академиялық мәселелерді регламенттейтін сыртқы және ішкі нормативтік құжаттардың келесі оқу жылына жарамдылығын және қолжетімділігін қамтамасыз етілуі кафедра меңгерушілеріне жүктелсін.

5. Факультеттің, кафедралардың келесі оқу жылына дайындық актілерінің сапасы мен нәтижелілігін қадағалау.

Комиссия мүшесі Г.Макенова сөз алып, факультет пен кафедралардың 2025–2026 оқу жылына дайындығына байланысты дайындық актілеріне жүргізілген тексеріс нәтижелерін баяндады. Актілерде көрсетілген материалдық-техникалық база, кадрлық құрамның толықтығы, пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендердің дайындалуы, аудиториялық қор мен жабдықтардың жағдайы және нормативтік құжаттармен қамтылу деңгейі тексерілді. Жалпы дайындық актілері талапқа сай орындалғанымен, кейбір кафедраларда оқу-әдістемелік материалдарды жаңарту қажеттілігі анықталды. Комиссия тарапынан осы бағытта нақты ұсыныстар беріліп, бақылауға алу ұсынылды.

Шешім:

1. Факультет пен кафедралардың 2025–2026 оқу жылына арналған дайындық актілерін сапалы және толық түрде дайындауын қамтамасыз ету ұсынылсын.
2. Анықталған кемшіліктер бойынша кафедра меңгерушілеріне ескерту беріліп, қажетті түзетулерді енгізу тапсырылсын.
3. Оқу-әдістемелік материалдардың жаңартылуын факультет деңгейінде бақылауға алу және оқу жылы басталғанға дейін толық қамтамасыз ету жауапты тұлғаларға жүктелсін.
4. Дайындық актілерін сапалы жүргізу бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірлеу оқу ісі жөніндегі декан орынбасарына тапсырылсын.

6. Сәуір-маусым айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау. Комиссия төрайымы Қазыханқызы Лазура сәуір-маусым айларында факультет деңгейінде өткізілген сапаны қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар бойынша ақпарат берді. Атап айтқанда, сауалнамалар, оқу-әдістемелік құжаттарды жанарту, академиялық кеңес беру, даярлық актілерін талдау және практика сапасын бағалау секілді жұмыстар жоспарға сәйкес орындалғаны айтылды. Комиссия мүшелері бұл іс-шаралардың сапасы мен тиімділігіне оң баға берді.

Шешім:

1. Сәуір-маусым айларында өткізілген іс-шаралардың нәтижелері қанағаттанарлық деп танылып, алдағы оқу жылында да осындай жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу ұсынылсын.
2. Іс-шаралар барысында анықталған өзекті мәселелер мен ұсыныстар келесі оқу жылының жұмыс жоспарына енгізілсін.
3. Комиссия мүшелеріне алдағы уақытта іс-шаралардың сапасын арттыру бағытында ұсыныстар беру және олардың орындалуын бақылау тапсырылсын.

Мәжіліс төрайымы:  Қазыханқызы Л.

Мәжіліс хатшысы:  Қонысова А.